



Биыл Көкшетау қаласындағы №6 мектеп-лицейін 76 түлек тәмамдап отыр. Олардың арасында ұстаздар Салтанат Тасымова, Жазира Болатова және Ирина Василичуктың тәрбиелеген өнерлі де білімді шәкірттер аз емес.





Мемлекеттік тілде білім алған сыныптың үш түлегі – Әділ Қозыбек, Нұрқанат Сиражиден және Алинар Салық – 10 сыныпта оқып жүргенде ерекше балаларға арналған мобильді қосымша жасап шықты. Бұл жұмыс «Виртуалды шындық» атты ғылыми жобаның аясында информатика пәнінің мұғалімі Жаныл Сарсембаеваның жетекшілігімен жүзеге асырылды. Жас өнертапқыштардың бұл жетістігі ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың алғыс хатымен марапатталды. Бұл туралы «Казахстанская правда» газеті де жазды.





Биылғы түлектер арасында республикалық, облыстық және қалалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми және шығармашылық байқаулардың жүлдегерлері де бар. Олар – Антон Козловцев, Арсен Нурумов, Нұрислам Білім, Дильнара Баєтова, Тамерлан Арғынғазиев, Амина Каримова, Анастасия Попова, Жанель Жаңабай, Адема Ақымбаева, Алтынжан Заманбекқызы, Томирис Карибаева, Асқан Кенжебек, Адия Кошманова, Алуа Құттыбай, Әбілмансұр Мұратбек, Алтынай Орынбай, Арна Темиртасова, Дина Тулегенова, Жасмин Хамит, Сабрина Шаяхметова, Инаят Шынтемір.



2025 жылғы аттестат иегерлері арасында қаладан халықаралық деңгейге дейінгі түрлі деңгейдегі жетістіктері спортшылар аз емес. Олар – Мансұр Ахметжанов, Тамирлан Аяпберген, Даниил Белов, Артём Семеновский, Ярослав Трофименко, Кирилл Шпигун, Мирас Амангелдіұлы, Жанель Атеева, Санжар Едрес, Нұрболат Калиев, Ілияс Қайырбек, Санжар Қайыржан, Асанәлі Алтынбеков, Данила Зуев, Шыңғыс Каймаков, Диана Капарова, Анастасия Пашковская, Роман Пономарев, Мансұр Тортаев, Санжар Шадиметов.





Салтанатты кеште мектептің ардагер ұстаздары – Асия Байзуллаевна Адильбекова мен Ляззат Ерденовна Қожахметова жас түлектерге жүрекжарды тілектерін арнады.

Мектеп-лицейдің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ақмарал Жайлюбаева ең белсенді ата-аналарға мектеп әкімшілігінің атынан алғыс хат табыс етті.



Мектеп бітіру кешінің жарқын сәттерінің бірі – түлектердің орындауындағы дәстүрлі вальс пен Димаш Құдайбергеннің «Тау ішінде» әніне қойылған ерекше би болды. Бұл қойылымдарды мектептің хореографтары – Виктория Полещук пен Дина Оорманшина дайындаған.



Кештің шарықтау шегі – мектеп директоры Гүльнара Абдықасымова және оның орынбасарлары Толқын Жумашева мен Александра Наумова орындаған «Дорогою добра» әні болды.

Ұмытылмас кешті мектеп-лицейдің ұстаздары Ержан Есимов пен Ляззат Жасұлан жүргізді.